

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,  
әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

**Пісір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

**Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

**Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділ

**Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Тілепов**

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділ; жауаптыред. З. Бисенғали; жалпыред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)**

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналық ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мәні мен бүгінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)  
ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

## АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МҰРАТЫ

Абай Құнанбаев ұлы ақын, ойшыл ретінде қазақтар үшін зор идеал болды және бола да береді. Ол – халқының шын ұлы, Абай барлық уақытта қазақтардың кешегісі мен бүгінін, болашағы мен олардың мінез-құлқын, салт-дәстүрлері мен мәдениетін, оқу-білімін, жас жігіттер мен қыздарға адамгершілік тәрбие берілуі туралы ойлаумен болды.

Оның өлеңдеріндегі, қара сөздеріндегі ақыл-өсиет өзінің мәнін жойған жоқ, жоймайды да. Қазірдің өзінде ғалымдар, тәрбиешілер, ең бастысы қалың жұртшылық, оның ішінде әр жастағы адамдар мен ұлт өкілдері Абай шығармаларын құныға оқиды, оған деген ынта-ықыласы жоғары. Өйткені, Абайдың қара сөздерінен болсын, өлеңдерінен болсын одан өзіне керегін табады.

Абай халықтың патриот ұлы ретінде қазақтардың қарекетсіздігіне, жалқаулығына қарсы күресе білді. Ол қазақтар қоғамда белгілі бір орын алып, өзінің мәдениетін, өнерін көтерсе деп ойлады. Абай, әсіресе, бес нәрседен – өсектен, өтірік айтудан, мақтаншақтықтан, еріншектіктен және бекерден-бекер мал шашудан қашық болуға шақырды. Әрбір жалқау адам қорқақ болады, оның ісі де өнімсіз. Ал мақтаншақ адам – ақылсыз адам. Бұдан арылу үшін адам бес нәрсеге – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – ұмтылғаны жөн. Сонда ғана мұратқа жетуге болады, сонда ғана халықтың өсуіне жол ашылады.

Ақымақ көп, ақылды аз,  
Деме көптің сөзі бұл.  
Жақыным айтты дей көрме,  
Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпсіз сөзге ерме.  
Сізге айтамын, қауіпім бұл, –

дейді Абай. Осыны ескерте отырып, сансыз мал жинағаннан гөрі білімге, ғылымға ден қою керектігін де қадап-қадап айтқан.

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болғанын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтіндігінің, рас сөзі аз болатындығының, қызметке таласқыш болатындығының, өздерінің жалқау болатындығының себебі неде? Абай осы сұрақты қойып, оған өзі жауап береді. Әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтаншақ келеді, әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан – арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Қазақтарды құртатын – билікке таласушылық, бірін-бірі көре алмаушылық. Содан келеді де бітпес дау-дамай, ағайын арасындағы араздық туады («Би екеу болса, дау төртеу болады»), Төрт аяқты мал басын көбейтуден басқаға бас қатыра қоймайтын адам қайткенде де басқалардан асып түсуді ойлап, ұрлық жасауға дейін барады, ар-ұятты аттап кетеді. Бұл – басқаның намысына тигендік, қорлағандық, оның адамдық хұқын аяққа басқандық, бір адамды екінші адамға айдап салушылық. Билікке, байлыққа ұмтылу, жауларының көзін құрту жолында ондай адамдар неден болса да тайынбайды».

«Біздің қазақты ондырмай жүрген, – деп жазады Абай, – бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар. Оның қуаныш елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Оған құдай-тағала айтып па, әйтеуір наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманмен салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болад-тағы».

Халықты құртатын – осы. Әлде бір біткен істі немесе қол жеткенді місе тұтып, соны жұбаныш көріп, басқа жақсыларды көре білуге, тани білуге, айыра білуге ынта қоюдан қалады. Мен ғана ма деп, басқалардан да осыны көріп, өзін-өзі жұбатады.

Көптен қалмасам болды дерлік, көкsegені көгерте қоймайды. Бұған байланысты Абай мынадай сауал қояды: «Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса жеңіл тие ме? Жоқ, жарым сау болса, жеңіл тие ме? Жер білмеген адам адасып жүрсе, бір жер білетін кісінің керегі жоқ па екен.

Жылтырағанның бәрі алтын емес. Сырты жылтырап тұр екен деп бас-көз жоқ, соншалық қызығу, құмарту, соның жолында сарп болу жақсылыққа апара қоймайды. Көрсекызарлық, не нәрсе болса соған құмарлық, жылтырақтыққа құмарлық адам мұраты болмаса керек. Адам мұраты онымен өлшенбейді. Адам болғаннан кейін басқаның қуанышына да, қайғысына да, ренішіне де көңіл бөлген жөн, адам бойында ізгілік, адамгершілік мұраттары осындай сәтте көрінуі керек. Адамгершілік мұраты дегеніміз – осы. Адамның адамшылығы осындай кезде көрінуі керек. Абай – осыны айтумен өткен ұлы ақын.

Адамның өмірлік жолының құндылығы, оның бақытты немесе бақытты еместігі өзінің тұлғалық бет-бейнесін, адамгершілік асыл қасиеттерін жоғалтпай, қоғамдық дамудан, өзгерістен артта қалып қоймағандығына тікелей байланысты. Адам аз өмір сүруі мүмкін, бірақ сол аз өмірінің ішінде артына өшпестей із қалдыруы әбден ықтимал. Мұндай мысалды, ондай жарқын із қалдырған кесек тұлғаларды Қазақстан тарихынан көптеп келтіре аламыз. Ондай адамдар – ақындар, жыраулар мен билер, хандар (Абылай, Әбілхайыр, Кенесары және т. б.), халық батырлары (Махамбет, Исатай, Қобыланды, Бөгенбай т. б.). Басқа да қазақтың лайықты ұлдары аз емес. Олар – өмірден өз орнын тауып, артына өшпес із қалдырған жандар.

«Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретінінің бір себебі, – дейді Абай, – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?». Сөз аңду, қулық-сұмдық, әлдекімді пәтуасыз іске азғыру абырой әпермек емес.

«Осы мен қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе? Жек көрем бе? – деп жазады Абай. – Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам

керек еді... Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін».

Абай қазақтардың мінез-құлқындағы осалдықты, кемшілікті көрсе де көрмегендей бола алмады. Халқына деген сүйіспеншілік пен олардың болашақ мұраттарына сенгендіктен болар, ол өмірдегі күнделікті кездесіп отырған кері құбылысты, кертартпашылықтарды жоюға тырысты, осы үшін күресті. Адам өмірін босбелбеу өткізбеуі керек. Жарық дүниеге келген әрбір адам өсе келе ел мұраты жолында табанды түрде күресіп, адамгершілік асыл мұраттарға сайма-сай қасиеттер оның бойынан көрінуге тиіс.

Біздің еңбегімізде сөз етіп отырған тарихи қайраткерлер реалистік тұрғыдағы адамдар еді, олар байлық пен әлеуметтік жағдайға қарамастан, адамның барлық ісіндегі әділеттілік, адалдық мұраттары мен принциптерінің мән-маңызын өте жоғары бағалады. Сондықтан осы еңбегімізде олардың мақсат-мұраты жөнінде азды-көпті тоқталып отырған жайымыз бар.

Ұлы Абайдың айтуына қарағанда, қазақ халқының болашақтағы материалдық және рухани байлығының түп қазығы – бірлікте («Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік») – халық мақалы). Дегенмен, бірлік-тірлік адамда ғана ма? Жан-жануар да, мал да жантәсілім етпес үшін азығын тауып жеуге тырысады. Тамағы тоқ, көйлегі көк болса, жетіп жатыр ма? Ертеңгі күнді кім ойлайды сонда? Ондай тірлік кімге керек?

Бірлік адамдар бір-біріне қажет болғанда керек. Бірлік адамдар ортасындағы ақыл-ойдың жоғары тұрғандығынан, мәдениеттіліктен, туысқандықтан, сүйіспеншіліктен көрінуге тиіс. Мұның бәрі әрбір адамның жеке ісі, еңбегі арқылы жүзеге асады. Ал, әйтеуір өлмес күнімді көріп, тірлік жасап жағырмын ғой деген тоқмейілсушілік болса, ондай тірліктің итте де бар екенін ұмытпаған ләзім. Адам өзінің және болашақ ұрпақтың материалдық, рухани байлықтарын жасау мақсатында шын пейілмен, ынта-ықыласымен жұмыс істеуі керек.

«Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? – дейді Абай, – Біреуі – болыс, біреуі – би. Олардың ақыл үйренейік,

насихат тыңдайық деген ойы болса, ол орынсыз сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлес беріп, ақыл айтармыз деп санайды. Өздері түзеліп біткен, енді ел түзерлігі қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де қолы тие ме». Ал, байлығы асып-тасыған адам үшін не сенің ақыл-өсиетіңнің, не насихатыңның керегі бар ма, оны олар құлақ асып тыңдап... керектісін іріктеп ала қояр деймісің? Оған керегі – мал, дәулет. Не керектің бәрін де осы байлығымен орып аламын, сатып аламын деп ойлайды. Байлықтан басқаны ойламайтұғын оларға адалдық, білімділік керек емес. Мұны олар екінші кезекке ысырып қояды. Абай айтқандай оның діні, құдайы, халқы, білім-ұяты, жақыны, бәрі – мал.

Халықты қандай адам басқаруы керек. Ол халықтың, бойындағы қандай мұраттар мен идеялардың дәнін себуге тиіс. Бұл ел басшысына байланысты. Дегенмен де бір ақиқаты, болыстар мен билер адамшылықты, даналықты халықтың өзінен үйренеді, оқиды, ізденеді, талпынады, сөйтіп, өз білген-түйгенін халқының игілігіне, оқу-біліміне жұмсайды. Ол шектен шыққан билікке, басы артық жағдайға ұмтылмауы керек. Өз халқының болашағы жолында сенім мен әділеттілік олардың әлеуметтік-этикалық қызметінің басты элементтері ретінде көрінуге тиіс.

Абайдың қара сөздеріндегі және басқа да еңбектеріндегі халықты басқару мен қоғамдық қатынастарды дамытуда әділеттік пен адалдық таныту проблемасы Батыс пен Шығыстың ойшылдарының, философтарының басты назарында болды.

Әділеттілік мұрасы қай дәуірде болса да, қай елдің философиясында болса да жоғары бағаланды. Айталық, ежелгі қытай философиясында да, Батыс пен Шығыстың басқа елдеріндегі философтардың еңбектерінде де әділеттілік мұраты тұрғысындағы ой-тұжырымдар аз емес. Конфуцияның ілімдеріне сүйенсек, қарапайым адамдарға қарағанда «қайырымды ерлердің» ең жоғары сапалық қасиеттерінің бірі – әділетті болуында. Конфуцийдің пікірінше, әділеттілік басқару жүйесін нығайтып, бірыңғай билікті сақтайды. Мо-Цза «барлық істердің ішінде

әділеттіліктен асқан құндылық жоқ. Әділеттілік қана адамдарға игілік әкеледі» деп санады. Ал маоистер мектебінің негізін қалаушы Мо-Дидің және оның пікірлестерінің пайымдауынша, әділеттілік идеясы «жалпыға бірдей сүйіспеншілік пен өзара тиімділік» принципі бойынша іс жүзіне асатын болып шықты.

Ал Сократ болса, адам өзінің борышы мен мұратын аяқасты етсе, бұл өлімнен де күшті деп санады. Платон «әділеттілік әр уақытта да болады» деп есептеді. Ал Кант әділеттілікті «борыш» деп түсіндірді. Гегельдің әділеттілік тұжырымдамасы бостандық проблемасымен тікелей байланысты.

Адам тақырыбы Абайдың барлық шығармаларында бар. Оның жарық дүниеге келіп, адамгершілік, танымдылық көз-қарастары қалыптасып, өлгенге дейінгі аралықтағы сан соқпақты жолдары, тіршілігі – бәрі-бәрі Абай шығармаларына арқау болған. Оның айтуынша: «Адам баласы жылаумен туады, күліп өледі». Бұл сөздің астарында үлкен мән-мағына, ой жатыр. Адам баласы тууы мен өлуі арасында бұл дүниенің рахаты қайда екенін біле алмай дал болып, бірін-бірі аңдып, болмашы қол жеткенді дабырайтып, мақтаныш қылып, жарамсыз қылықпен өмірін бос өткізіп алғанын өзі де аңғармай қалады. Өмір тоқтап тұрмайды, әр нәрсені өзінің уақытында, дер кезінде алып қала алмасаң, кеш болады, жас келіп қартайғаннан кейін қанша тырысқаныңмен одан ештеңе шықпайды.

Мақсатсыз, мұратсыз өмір сүру – өмір емес. Абай ондай өмір итте де бар екенін айтады. Тіленшектік, әркімге көз сүзушілік өмірде опа бермейді. Сондықтан, адам әуелі құдайға сыйынып алып, одан кейін өзінің қажыр-қайратына арқа сүйеуге тиіс, талмай еңбек жасауы керек. Сонда ғана өмір бос өтпейді, сонда ғана алға қойған мұратына, мақсатына жетесің.

Адам туралы, рухани жан-дүниесі туралы Абайдан артық айта қойған ешкім жоқ. Ол былай деп жазады: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды.

Біреу білсем екен демелік... Мұның бәрі жан құмарлығы – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген...». Білімнің қайнар көзі – қоршаған орта, адамның өзі. Оның ақыл ойының, сана-сезімінің жоғары болуы өзіне байланысты. Адам барлық уақытта осы мақсатта өзін-өзі жігерлендіріп, мұраткерлік танытып отыруы керек.

Адам танымын Абай өте күрделі үдеріс деп қарайды. Адам ұдайы ақыл-ойын, таным-түсінігін, рухани жан-дүниесін табанды еңбегі арқылы жетілдіріп, ұштап, күш-қайратын, жігерін осы мақсатқа шоғырландыруы тиіс. Ғылымға ден қойған адам қоршаған ортаны, адамдардың бойындағы сапалық қасиеттер мен ерекшеліктерді бұрынғыдан да кеңірек танып, біледі. Абайдың, айтуынша, адамның өмірі мен оның бүгінгі, болашағы үшін ең басты қажеттілік, адамның мақсатына, мұратына жетуі үшін өзін және қоршаған ортаны кеңірек танып, оның нәтижесін шындықты өтіріктен, әділеттілікті әділетсіздіктен, қайырымдылықты қатыгездіктен айыра білуі үшін пайдалануы қажет.

Адам бойында білсем, үйренсем, көрсем деген талпыныстың болғаны әмбе жақсы. Адамның бәрі дәл осылай емес, кейбірі ішкен-жегеніне, қарын тойдырып, уақыт өткізгеніне мәз болып, өмірдің мәнді жақтарына, ненің не екеніне бас ауырта қоймайды. Абай мұндай адамдарды да сынаған, оның жаман қылығын бетіне басқан.

Шындығында да адам анадан бірден есті, білімді болып туа салмайды ғой. Есейе келе айналаға көз жіберіп, көріп-біліп, таңсық нәрсенің сырына көз жеткізгеннен кейін ғана жақсы мен жаманның парқын ажыратып, айыра алатын, түсіне алатын халге жетеді. Бұл ретте оны қоршаған адамдар қандай, есті ме, есер ме, білімді ме, білімсіз бе? Көп нәрсе соған байланысты. Абай да мұны қалт жібермеген. Ол былай дейді: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өз ісіне жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

Абайдың Он жетінші қара сөзі де ерекше бір ықылас туғызады, онда Абай қайрат, ақыл және жүректің тайталасын сөз етеді. Осының қайсысы мықты, бірінен бірі асып түсе ме? Осыған байланысты қайрат, ақыл, жүрек үшеуі таласқа түсіп, ақырында келіп дұрысын білмек болып ғылымға жүгінеді.

Сонда қайрат өзінің мықтылығын мынадай дәлелдермен айтса керек: қайратсыз ешкім де алға қойған мақсатына жете алмайды. Мәселен, ғылым жолына түскен адамның мақсат еткеніне қол жеткізу ең алдымен қайратқа байланысты. Қайрат ғылымға да осыны айтады: «әуелі өзінді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім».

Адам еңбек етпей, тірлік қылмай дүниеге де, мансапқа да, абырой-атаққа да қол жеткізе алмайды. Бұл үшін адамның бойында қайрат болмаса тағы болмайды. Мұнымен қоса қайрат: «орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан жолды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Мұнан кейін ақыл сөз алады. Ол да өзінің дәлелдерін алға тартады: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?».

Ақылдан кейін жүрек сөз алады. Ол адамның адам болып жүрмегі менің арқам, менсіз олар тірлік жасай алмайды, бүкіл адам денесінің патшасы менмін дегенді айтады. «Үлкеннен ұят сақтай, – дейді жүрек, – кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылыққа жиреніп, тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?».

Абай бұл жерде адамның жан-дүниесі, физикалық, рухани физио-биологиялық және әлеуметтік, ақыл-ойы мен дене бітімі арасындағы қарым-қатынасқа байланысты терең философиялық ой қозғап отыр. Біз осы еңбектің бірінші тарауында философиядағы мұрат проблемасының даму тарихына талдау жасаған едік, сонда Батыс пен Шығыстың озық ойшылдары (Платон, Аристотель, Конфуций, әл-Фараби, Гельвеций, Гегель және т.б.) жоғарыда айтылған проблемаларды диалектиканың қайырымдылық және зұлымдық, ақыл және жан, пайда мен кесір және т.б. категориялары арқылы қарастырғанын келтірген болатынбыз.

Абай да бұл проблемаларды шешуге классикалық тұрғыда қадам жасаған. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі келіп жүгінген ғылымның айтқандарында адам проблемасына, оның мінез-құлқы мен мақсат-мұратына, өмірлік, дүниелік көзқарастарына байланысты терең философиялық ой жатыр. Сондағы ғылымның айтқаны: «Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмай тұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдасы да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман».

Одан әрі ғылым былай дейді: «Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмай тұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады, жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені сен; екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, депті. – Сен үшеуіңнің басынды қоспақ – менің ісім, депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқаныңа жаны, діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының өзі ғылым екен.

Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті.

Абайдың осы бір Он жетінші қара сөзін оқып отырғанда адамның мұраты қандай болмағы айқын көрініп тұрған жоқ па – адам ақылды, жан-дүниесі таза, күш-қайраты мол, ержүрек, өзінің қарақан басын ойламайтын, кертартпалыққа, әділетсіздікке, жамандыққа қарсы тұратын, парасатты, жігерлі, адамгершілігі, ар-ұяты жоғары болуға тиіс. Мұның бәрі адамның өзіне байланысты, жақсы болмағы да, жаман болмағы да адамның өзінің қолында. Адамның істеген ісінің барлығы да құдай тағаланың көз алдында болып жатады, егер дұрыс жүріп, дұрыс тұрып адамдық қалпыңнан ауытқымасаң, онда алдыңнан жарқын жол ашылғаны.

Абай былай дейді: «Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселер – менен. Мұның табылмақтығына себепкер, әуелі һауас сәлим (һауас (парсыша) – жақсы сезім, жақсы сипат) һәм тән саулық бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады... Адамның білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің емес, һамманы білетұғын ғылымға ынтықтық өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық керек. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтықтың өзі де хақлық һәм адамдық дүр...».

Осы Отыз сегізінші қара сөзінде Абай былай деп терең ой айтады: «... Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды...». Яғни, бұл жерде Абай тағы да бір адамзаттық проблеманы көтеріп отыр. Шектеу мен шексіздік, өлшеулі мен өлшеусіздік және т. б. болатындығын алға тартады.

Адамның тұрмысының, тіршілігінің жақсы-жаман болмағы кімге байланысты? Құдай тағалаға ма, басқаға ма? Неге бұл өмірде біреу бай, біреу кедей, біреу сау, біреу ауру, біреу жақсылыққа

қарай ұмтылады, біреу жамандыққа қарай ұмтылады. Жұртшылық көбі ойлайды Алла тағаланың күшімен болады деп. Ал «біз құдай тағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік». Сондай-ақ қайдағы бір антұрғанға еңбексіз-ақ мал береді, ал біреулер жұмыс істесе де, тапшылық көреді, қайдағы біралаяқтар мен ұры-қарылардың денсаулығы мықты, сөзге сараң жұмыскер ауру-сырқау, бір ана мен әкеден екі түрлі ұл туады және т. б. Неге? Абай былай дейді: «Осының бәрі құдай тағаланың ғайыпсыз, мінсіз ғафур (кешіруші (арабша) рахимдығына (мейірімді (арабша), әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік те – бәрі құдайдың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз? Өз мүлкін өзі не қылса, қыла береді. Оны ғайыпты болады дей алмаймыз десең, ол сөзің құдай тағаланың ғайыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқандығымен не табады? Бәрін қылушыға қалдырушы өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтұғын ешнәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылсадағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?»).

Бұл сұрақтардың дайын, бірізді жауабы жоқ. Адам баласы жаратылғаннан бері әр елде (Қытай, Үнді, Греция, Азия, Франция, Германия, Ресей және т.б.) әр ойшыл бұған байланысты әрқалай тұжырымдар айтумен келеді. Бірі – құдайдың жаратуына, бергеніне байланысты десе, енді бірі адамдардың мүдделері мен идеяларына, қайсы бірі абсолюттік рух пен абсолюттік идеяны, қайсы біреуі материалдық қызметті т. б. алға тартады. Аталған проблеманың мәні уақыт өте келе жаңаша формаға ие болады, соған орай түрліше түсіндіріледі. Бұл проблеманың белгілі бір дәрежеде шешім табуы қоғамдық құрылысқа, оның экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани жағдайына да байланысты. Бұл проблеманы шешу үдерісі біздің ойымызша, адамзат тарихымен бірге жалғаса бермек.

Дүние – үлкен көл,  
Заман сокқан жел,  
Алдыңғы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер.  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай көрінер, –

деп жазды Абай. Адам өмірінің проблемаларын шешуде қарама-қайшылықтар мен қиындықтарға қарамастан, халық үшін, болашақ үшін күресе білу керек деген ой айтады ұлы Абай.

Қайғысыздан сақ бол,  
Қайғылыға жақ бол.  
Қайратсыз ашу – тұл.  
Шәкіртсіз ғалым – тұл, –

деген өсиет айтады ол.

Жоғарыда айтқанымыздай, Абайдың сөзімен келтірсек, өсек, өтірік айту, мақтаншақтық, елден ерек шашып-төгу адамды жақсылыққа жеткізе қоймайды. Мұндай жаман әдетке бейім адамнан жақсы адам шыға қоймайды. Терең ақыл-ой, саналы еңбек, талмас талант, талап қана адамды көрікті қылады. Біреуге қарсы өшпенділік жасаудан аулақ болуға шақырады Абай. Қайырымды, білімді адам ғана өзіне де, халқына да пайда әкелмек.

Пайдакүнемдікті мақсат етіп, соның жолында күресу жақсы адамның ісі емес. Өзіне де, халқына да әркез адал болуға тырысу керек. «Адал жүріп, адал тұр», – дейді Абай. Адам баласы қашанда артық білуге ұмтылуы керек. Адам өзін-өзі батыр болуға, жұртты сүюге тәрбиелеуі қажет. Сонда ғана өзімшілдіктен, масаттанушылықтан құтылуға болады. Бай болғаннан, мырза болғаннан не пайда, білімің, білген-түйгенің саяз болса. Сауатың жоқ болса, мықтылығың қайсы? Абай осындай індетпен күресе білуге шақырады. Барлық күш-қуатты балалардың оқуына арнаған жөн. Аш құрсақ адамнан ақыл сұраудың, білім-ғылым сұраудың қисыны келмейді. Сондықтан мал-жан да, еңбек те балалардың білім алуына жұмсалуды тиіс. Орыс әдебиетін, мәдениетін білу, үйрену арқылы әлемдік өркениетке жетуге болады. Білім арқылы ғана қазақтың көзі ашылады, халықты, жерді заң бойынша,

құқық бойынша қорғай алады, басқа өркениетті елдермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туады. Адам бірін-бірі, тұтас халықты жақсы көруі жолында күресе білуі керек. Адам мен адамның арасы бөлінсе, ол бір-біріне дұшпан болады. Өзіне ғана емес, басқаларға да жақсылық, қайырымдылық жасай білу керек, басқаларды да осылай болуға тәрбиелей білген жөн. Өзіңе-өзің сын көзбен қарауды да ұмытпа. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білерсің», – дейді Абай.

Қоршаған ортаға, адамға деген ынта-ықылас жас адамның біліміне білім қосып, білмекке итермелейді. Тек қана қызығып қоймай, оны ғылыми түрде тұжырымдау өте-мөте қажет. Міне, осы арқылы одан әрі ғылыми-зерттеу жүргізуге деген құлшыныс пайда болады, ғылымға деген сүйіспеншілік оянады. Бұл үдеріс барысында сөз жоқ, нақты қойылған ғылыми мақсат, оның негізі мен қажеттілігі, сондай-ақ гуманизм басты рөл атқарады. Бұл жолда «азғырылмайтын ақылдылық, арды сақтарлық беріктік, қайраттылық» ауадай қажет. Ол өзінің мұратына, халқына адал болуға тиіс.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Қорабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөз-стан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақөк. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайғы пығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шәріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тыныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған. Шапай Т. Пыш жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Ыасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

## МАЗМҰНЫ

Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны .....	3
Медетбеков Т. Менің Абайым! .....	12
Жұртбай Т. Қаракөк .....	26
Негимов С. «Қайғы шығар ілімнен...» .....	68
Шәріп А. Абайдың «жазуы» мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында .....	76
Жеменей И. Абай және әл-Фараби .....	84
Ісімақова А. Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік .....	91
Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы .....	106
Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі .....	124
Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам туралы .....	145
Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі .....	158
Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы .....	198
Борбасов С. Абай тағылымы .....	203
Шапай Т. Тыныштық метафорасы .....	219
Кемелбаева А. Гете мен Абай .....	234
Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі .....	251
Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау .....	258
Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой-сарындары .....	270
Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі .....	284
Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні .....	298
Түсініктер .....	304

Оқу басышымы

**АБАЙТАНУ**  
**ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**  
**VII том**  
**Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

**ИБ№9141**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4356.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.